

# **Тіл білімі және оның зерттеу нысаны**

**Тіл білімі (лингвистика) - тіл  
және оның даму заңдары  
туралы ғылым.**

# Тіл

қоғамдағы адамдардың өзара пікір алысу, бір - бірімен қарым - қатынас жасау, сөйлесу құралы.



# Тіл білімінің ғылымдар жүйесінде алатын орны.

Болмыстағы құбылыстардың бір тобы

жаратылыс  
құбылыстары

физика, химия, биология,  
математика т.б.

қоғамдық құбылыстар

тарих, философия,  
психология, логика, саяси  
экономика, заң, тіл, әдебиет  
т.б.

# ҒЫЛЫМ АТАУЛЫ

- жаратылыстану ғылымдары

- қоғамдық ғылымдар



- Біз сөз еткелі отырған тіл білімі де көптеген ғылымдармен байланысқа түсіп, солармен қарым-қатынаста дамып келеді. Ол, ең алдымен, қоғамдық ғылымдармен тығыз байланыста. Себебі: тіл — қоғамның тууымен бірге туып, қоғамның дамуымен бірге дамидын қоғамдық құбылыс. Ол қоғам мүшелерінің пікір алысу, қатынас жасау құралы ретінде қызмет атқарады.
- Тіл білімі - дербес ғылым. Ол әр түрлі қоғамдық және жаратылыстану ғылымдарымен де қарым-қатынаста, өзара байланыста болады.

# Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы

- Тіл білімі, бірінші кезекте, әдебиетпен байланысты. Өйткені "тіл - әдебиеттің бірінші элементі". Әдеби шығарма лингвистер үшін өте құнды материал. Әсіресе тіл білімінің стилистика саласы әдебиеттанумен тығыз байланысты.





# Тіл білімі және философия



Тіл білімі **философиямен** тығыз байланысты. Философия тек тіл білімінің ғана емес, күллі ғылымдардың методологиясы болып саналады. Философия да, тіл білімі де барлық құбылыстарды бір-бірімен өзара байланыста қарастырады. Философия табиғат пен қоғам өміріндегі барлық құбылыстар қозғалу, өзгеру, даму күйінде болады деп үйретсе, тіл білімі де тілдік құбылыстарға солай қарайды. Өйткені тіл де басқа қоғамдық құбылыстар сияқты өзгереді, дамиды. Бірақ, ескертетін нәрсе: тілдегі өзгеру тым баяу өтеді.

Ал қоғам мен жаратылыстағы өзгерістер тілге қарағанда тезірек өтеді.

- Философия өмірдегі барлық заттар мен құбылыстарда форма мен мазмұн бар, олар өзара байланыста, бірлікте болады, — деп үйретеді. Мазмұн өмір сүру үшін, белгілі бір формаға ие болуы керек. Яғни форма — өмір сүрудің шарты. Тіл де — дәл осындай құбылыс. Тілдегі формалардың да (сөздердің, сөз тіркестерінің, грамматикалық тұлғалардың) мағына, мазмұны бар. Олар да бір-бірімен тығыз байланысты.

# Тіл білімі және Логика



- Тіл білімі **логикамен** тығыз байланысты. Көпшілікке белгілі, логика - ойлау заңдары мен ой формалары туралы ғылым. Ал ойлау, әдетте, тіл арқылы іске асады, тіл арқылы жарыққа шығады. Анығырақ айтқанда, адамның ойы тілдегі сөздер мен сөйлемдер арқылы айтылып, түсінікті болады



# Тіл білімі және Психология

- Тіл білімі **психологиямен** де байланысты. Психология түйсік пен қабылдауды, ес пен ойды, сезім мен зейінді зерттейді. Ал бұлардың сөйлеу процесіне (оны қабылдап, түсіну процесіне) тікелей қатысы бар. Өйткені біреудің айтқанын қабылдау, оны ұғыну процесі болмаса, қарым-қатынас жасасу, пікір алысу да болмаған болар еді.
- Адам сөз арқылы белгілі бір затты атап кана қоймайды, сонымен бірге, сол затқа (іске, құбылысқа) өзінің қатынасы мен оған қалай қарайтындығын да білдіреді. Яғни тіл ойды білдірудің ғана құралы емес, сезімді де білдірудің құралы. Мысалы; жаман, жексұрын, сұмпайы, сұмырай немесе құмар, іңкәр, ынтазар т.б. Бұл сөздер (синонимдер) бір-бірінен эмоциялық бояуы жағынан ажыратылады.



# Физиологиямен байланысы

- Лингвистиканың тіл дыбыстарын зерттейтін саласы — фонетика **физиологиямен** байланысты. Өйткені сөйлеу – дыбыстау мүшелерінсіз (ауыз, тіл, тіс ...) мүмкін емес. Тілдің шығуының өзі алғашқы адамдардың сөйлеу мүшелерінің жетіліп дамуына тәуелді.
- Тіл білімі физиканың **акустика** саласымен де байланысты. Адам баласының тілі — дыбыстық тіл. Тілдегі дыбыстар жүйесін тіл білімінің фонетика саласы зерттейді. Ал жалпы дыбыс атаулыны физиканың акустика саласы қарастырады. Ендеше, бұл екеуі де бір-бірімен байланысты.

# Тіл білімі және тарих

- Тіл білімінің тарих ғылымымен, оның ішінде **этнографиямен, археологиямен** байланысы бар. **Тіл тарихы** - сол тілді жасаушы, сол тілді қолданушы халықтың тарихымен байланысты. Олар бірін-бірі байытады, бірін-бірі толықтырады. Тілдік деректерді — тарих, тарихи мәліметтерді - тіл пайдалана алады. Айталық, тіліміздегі кірме сөздерді зерттеу арқылы қазақ халқының бұған дейін қандай халықтармен аралас-құралас болғандығын білуге болады.
- Этнографтар халықтың ерте кездегі салтына, дәстүріне, әдет- ғұрпына, тұрмысына байланысты материалдық байлықтарды зерттегенде тіл фактілеріне соқпай өте алмайды. Өйткені тіл - соларды ұзақ уақыт бойы сақтап қалған құралдардың бірі.





# Тіл білімі және география



Тілге кейде географиялық факторлар да әсер ете алады. Мысалы, аралда тұрған халықтардың тіліне ешкім әсер ете алмауы мүмкін. Болмаса кең аймақта тұратын халықтың тілдері диалектілерге бөлініп кетуі мүмкін, ал тар аймақта тұратын халықтардың тілдеріндегі диалектілер бірігіп, жойылып кетуі ғажайып емес.

Тіл білімі мен географияның өзара байланысы ғылымның жаңа бір саласы - лингвистикалық географияның тууына әкеп соқты. Лингвистикалық география тілдегі фонетикалық, лексикалық грамматикалық құбылыстардың қай территорияға тарағанын көрсетеді. Бұл, әсіресе, диалектілік ерекшеліктерді зерттегенде ерекше маңызды. Сол арқылы, белгілі бір тілдің немесе диалектілердің лингвистикалық картасы (атласы) жасалынады.





# Тіл білімі және математика



- Тіл білімі белгілі дәрежеде математикамен де, кибернетикамен де байланысты. Тіл білімі математика ғылымымен, біріншіден, машиналық аударма мәселелері бойынша байланысса, екіншіден, тілді зерттеуде математикалық статистика әдістерінің қолданылуы жағынан байланысады.

• Математикалық статистика сөздердің, дыбыстардың қолданылу жиілігін айқындауға көмектеседі. Осының нәтижесінде тіл білімінің математикалық лингвистика деп аталатын саласы калыптасты.

